



Б Ұ Й Р Ы Қ

П Р И К А З

19.03.2024 ж.

№ 163

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылғы 19-31 наурыз аралығындағы кезеңде Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де 2024 жылдың 1 тоқсаны үшін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілсін (1 қосымша).
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін (2 қосымша).
4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



К.Б. Шинбулатова

**Мектеп директорының 2024 жылғы
19 наурыздағы №163
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы»
бұйрығына №1 қосымша.**

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім
бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша
жұмыс тобының құрамы**

1. Г.Е.Кузбаева, директордың ТЖ жөніндегі орынбасары – жұмыс тобының басшысы.

Жұмыс тобының мүшелері:

2. А.Х.Данкенова, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы;
3. К.Н. Жуламанова, мектеп кәсіподақ комитетінің төрайымы;
4. Б.Т.Кишкентаева, директордың ТЖ жөніндегі орынбасары.

№2 қосымша

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің 2024 жылғы 19-31 наурызға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары

№ п/п	жұмыс түрлері	мерзімі	жауапты тұлғалар
1	1) ақпарат жинау: 2024 жылғы 1 тоқсандағы №17 ЖББМ қызметі туралы есеп	19-25.03. 2024	Мектептің барлық құрылымдық бөлімшелері
	2) қызметкерлерді басқару, оның ішінде: кадрлардың ауысуы; мүдделер қақтығысын реттеу; тәртіптік практика және 2024 жылғы 1 тоқсандағы өзге де кадр мәселелері	19-25.03. 2024	Микибаева А.К.
	3) 2024 жылғы 1 тоқсандағы мемлекеттік қызметтер көрсету туралы ақпарат	19-25.03. 2024	Болотько Е.Н. Абишева Г.С., Игисинова А.Б., Микибаева А.К.
	4) мыналарды қоса алғанда, қаржы-шаруашылық қызмет: бюджет қаражатын тиімді пайдалану, жұмыскерлерге төлемдер, Мемлекеттік сатып алу, ақылы қызметтерді іске асыру және т. б. мәселелер	19-25.03. 2024	Кужумсугурова К.М. Кулмагамбетова Б.Ж. Кадырбаева Г.С., Танкаева И.Г.
	5) ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер (өтініштерді қарау; процестік практика (соттарға қатысу); өзге де мәселелер (құрылтай құжаттарында белгіленген және белгіленбеген функцияларды қоса алғанда).	19-25.03. 2024	Нурканова Ж.Б.

2	Талдау объектісінің қызметін, оның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуына талдау жасау Оның ішінде қызмет бағыттары бойынша: 1) қызметкерлерді басқару; 2) мемлекеттік қызметтер көрсету	25- 26.03.2024 25- 26.03.2024	Жұмыс тобы: Кузбаева Г.Е., жұмыс тобының басшысы; жұмыс тобының мүшелері - Данкенова А.Х., Жуламанова К.Н., Кишкентаева Б.Т.
3	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау	26.03.2024	Кузбаева Г.Е.- жұмыс тобының басшысы
4	Талдамалық анықтама дайындау	27- 28.03.2024	Кузбаева Г.Е.- жұмыс тобының басшысы
5	Талдамалық анықтамаға қол қою	28.03.2024	Шинбулатова К.Б.- мектеп директоры
6	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қою	29.03.2024	Шинбулатова К.Б.- мектеп директоры